

«НАРЫНҚОЛ КАРТОБЫНЫҢ ДАҢҚЫН ЖАҢҒЫРТУ ТЕК БІЗГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС»

– Самат Нақысбекұлы, алдағы жылы құрылғанына 90 жыл толғалы отырған Райымбек ауданын ел тұрғындары «Нарынқол картобы» арқылы таниды десек қателеспейтін шығармыз. «Алматы апорты» сияқты ұлттық брендке айналған «Нарынқол картобының» даңқы қашан қайта жаңғырады?

– Таулы аймақтағы бұл аудан облыстағы ең шұрайлы жердің бірі. Ол бұрын картоп өндірумен бүкіл одаққа белгілі болған. Картоптың тағамдық сапасы жағынан Нарынқолдың картобы Қазақстандағы бірден-бір сапалы азық болып саналады. Нарынқолдың картобы деген кезде кейбір адамдар бұл картоптың ерекше бір сорты екен деп ойлап қалуы мүмкін. Әлемде «Нарынқол картобы» деген сорт жоқ. Бұл өңірдің өзіндік ерекшелігіне сәйкес картоптардың айрықша сапалық қасиетке ие болуына қарай берілген географиялық атау. Егер оның тарихына көз жүгіртер болсақ, біздің ауданның атын әлемге танытқан Шортанды картоп институтында шығарылған картоптың «Шортанды» деп аталатын сорты еді. Одан 1974-76 жылдары рекордты өнім алынған болатын. Дәлірек айтқанда, Шортанды сортынан гектарына 760 центнерден өнім жиналған. Бұл елімізде бұрын-соңды болмаған ерекше оқиға болды.

Қазақстан регистрінде тіркелген тек «Текес» деген картоп тұқымы бар. Ол Текес ауылының құрметіне қойылған. Бұл ауыл аудандағы ең мықты картоп өсірушілердің бірі болған кеңес дәуірі кезінде. Қазір осы ауылдың тұрғындары ауданымыздың даңқын қайта жаңғыртамыз деп құлшынып, осы бағытта қызу жұмыс істеп жатыр.

Тәуелсіздік жылдарындағы нарықтық өтпелі кезеңде бұған дейін картоп пен мал шаруашылығына маманданған бұрынғы колхоз, совхоздар жекешелендіріліп, жеке шаруашылықтарға ыдырап кеткен кезде аудандағы картоп алқабының да көлемі азайды.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

 БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДОТАЦИЯ ДАМЫТУҒА ЕМЕС, ЖАТЫПШЕРЛІККЕ ӘКЕЛУДЕ



Өңірлік экономиканың даму қарқыны төмен болып отыр. Әкімдер өз аймақтарында өндірістің өркендеп, шағын бизнестің де қарқын алуына мүдделі емес. Неге? Қалай экономиканы диверкациялап, өнеркәсіпті елге айналамыз деп жүргенде, облыстарда орын алып отырған осындай ақылға сыймайтын жағдайдың себебі жайлы Парламент Мәжілісінде өткен Үкімет сағатында білдік.

 БЕЗБЕН

ШЕРЗАТ ІСІ: ҚОҒАМНЫҢ ҚОЛАМТАСЫН АШЫП БЕРДІ

Кәмелетке толмаған Шерзат Полаттың өліміне қатысты сот та аяқталды. Сот отырысының тікелей желіде көрсетілуі қоғам үшін пайдалы екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік. Бұл алдымен қарапайым халықтың құқықтық, заңдық сауатын көтеруге тамшыдай болса да әсер еткен шара болды. Осы сот отырыстарын бақылау арқылы азаматтардың сот жұмысына, прокурорлар мен полиция қызметіне, адвокаттардың біліктілігіне қатысты түсінігі қалыптасқаны анық. Сонымен бірге, бұл еліміздің сот органдарының жаңа технология жетістіктерін әлдеқайда жетік меңгергенін айғақтап берді. Шулы істі халық алдында таразыға салу судья мен сот хатшысына, сот приставтарына да оңай болған жоқ.

Үкім шықты. Судьяның кесіміне риза болып жатқандар да, ренішін ашық айтып жатқандар да баршылық. Үкімге байланысты пікірімізді білдірмес бұрын сот отырысында нені байқа-

дық, нені алдағы уақытта қаперде ұстау керектігін сараптап өткен дұрыс болар.

(Жалғасы 2-бетте)



3-бет



Өнім сақтайтын
қоймаларды жаңарту –
уақыт талабы

6-бет



Отбасын сақтау –
қоғамды сақтау

8-бет



Сол бір түнде...

ШЕРЗАТ ІСІ: ҚОҒАМНЫҢ ҚОЛАМТАСЫН АШЫП БЕРДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сот – тартыс тақтасы

Сот – дау алаңы, тартыс тақтасы. Ақиқаттың таластан тұатынын айқындайтын да негізгі орта – сот. Сот алаңындағы тартыстың басты қаруы – заң десек, заңға сүйене отырып өз уәжін дәл, нақты, сенімді жеткізу – адвокаттың да, прокурордың да міндеті. Заңды тірек еткендердің эмоцияға берілмеуі, көңіл-күйдің жетегінде кетпеуі шарт. Алайда, сотты барша халықтың бақылап отырғанын сезінген прокурорлар мен адвокаттардың кейде өз қызметтік шеңберінен шығып, әсіре қызыл сөзге басымдық берген әлсіздіктері аз болмады. Жә, пендеуі сезім болған соң бұл кешірімді де шығар. Ең бастысы, қанша тартыс, неше талас туындап жатса да, судья Ержан Жанұзақов тараптарға тең қарады, іске қатыссыз сөз айтушыларды қағып тастап, сотқа қатысушыларды тиянақты жетелеп отырды. Судьяның бұл «шектен тыс мәдениетін» дұрыс қабылдамаған азаматтардың «Сотталушыларға да сіз деп сызылып отырғаны несі?» деген негізсіз сынағанын да естідік.

Мұндай пікір азаматтардың Қазақстан Конституциясын білмейтінін көрсетсе керек. Өйткені еліміздің бас құжатында судья қызметінің негізгі принциптері нақты дәйектелген. Ата Заңның 77-бабындағы: «Адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі; бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды; сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы; айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес; ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес; адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады» деген талаптарды судьяның өзі де ескеруі, өзгелерге де қолдануы тиіс. Конституцияның осы бабын оқыған азаматтар алдағы уақытта «Судья неге сотталушыларды қорғап тұр? Олардың жауап бермеуіне неге рұқсат береді? Бұрын қылмыс жасаған адамға осынша жалпақшешейлік танытқаны қалай?» деген сияқты орынсыз сауалдарды қоймасы айқын.

Шулы істе шикіліктер неге көп?

Осы процесті бақылау барысында тергеу қызметінің әлсіздігі, істерінің шикілігіне көзіміз жетті. Шерзат ісі Президенттен бастап, Ішкі істер министрінің бақылауында тұрған резонансты іс болды. Сәйкесінше Алматы облысының Полиция департаменті бұл қылмысты зерделеуге барын салуы, ең мықтыларын осы іске жұмылдыруы керек еді. Солай еткен де шығар. Егер кешегі іс таңдаулылардың сүзгісінен шыққан болса, онда Талғар ауданының ғана емес, тұтастай Алматы облысының тергеу қызметіне тексеру жүргізіп, қылмысты іздестіруге, тергеуге жауапты қызметкерлердің біліктілігін бір сараптап алған жөн екен.

Осы істің басы-қасында болып, жетекшілік жасаған Әділжан Медет – Талғар аудандық Полиция басқармасының криминалды полиция бөлімі бастығының міндетін атқарған екен. Саладағы еңбек өтілі жиырма жылдан асатын бұл маманның қылмыстық істің басты куәгері Нұрғанат Ғайыпбаевтан жауап алуының өзі заңға қайшы жүргізілген. Криминалды полиция бөлімінің



Дерек пен дәйек

басшысы куәгерден жауап алу барысында не прокурордың қаулысын алмаған, не медицина қызметкерлерінің рұқсатын дұрыс рәсімдемеген. Негізгі қылмыстық оқиғадан кейінгі ізін суытпай алынған жауап болғандықтан, бұл кезде кімнің болсын еш бүкпесіз, ағынан жарылып ақиқат айтатыны түсінікті. Осы ретте сот отырысында прокуратура тарапынан видеотаспаның заңдылығына қатысты бірнеше сауал қойылды. Күмілжіген Әділжан Медетке судьяның өзі жол көрсетіп, қай заңға, қандай негізге сүйеніп прокурордың қаулысынсыз жауап алғанын түсіндіруіне мүмкіндік берді. Алайда, жиырма жылда негізгі заңды жаттап алуы тиіс маманның міңгірлеп тұрғаны көңілге қаяу салды. Жалпы, жарақат алған куәдан дереу жауап алу заңсыз емес. Себебі, мұндай құнды куәнің аяқ астынан есін жоғалтуы, көз жұмуы әбден мүмкін. Тек маман осындай қадамдардың құқықтық алғышарттарын негіздеп беруі міндетті.

Дидар Қалиахметтің не үшін айыпталғаны түсініксіз

Бұл – тергеу барысында кеткен бір ғана қателік емес. Істе күмәнді тұстардың көп болуы, прокурордың айыптау қорытындысында нақтылықтың жоқтығы, істегі кейбір маңызды материалдардың жоғалып кетуі – құзырлы органдар жұмысының жүйесіздігін, тәртіптің төмендігін көрсетеді. Егер тергеу дұрыс жүргізілгенде, осы қылмыстық іске куә болып, сырттай бақылап, сырғақтап өтіп кеткен талай адамды кем дегенде Қылмыстық кодекстің 434-бабымен (қылмыс туралы хабарламау) жауапқа тартуға болатын еді. Оқиғаның басы-қасында болған Эльмира Нұрбекова мен Дана Жақсыкелдінің куә статусында қалып, оқыс жағдайдың ортасына кездейсоқ тап болған Дидар Қалиахметтің сотталушылармен бірдей 7 жылға бас бостандығынан айырылуы таллайды таңқалдырғаны рас. Қызыл түсті Хюндай акцентпен келген үш жігітке қатысты ешқандай кінә қоймайтынын, тек Дидар Қалиахметтің қандай әрекет жасағанын байқамағанын айтқан басты жәбірленуші Қаржаубай Нұрымовтың уәжін тыңдайтын құлақтың болмағаны да ойға сыймады. Әйтпесе, барша халық бақылаған сот отырысында Қалиахметтің қылмысқа қатысы жоқтығы бейнетаспа арқылы да, куәгерлер мен сотталушылардың сөзінен де байқалды. Неге екенін соның бәрі прокурорларды да, судьяны да сендіре алмаған екен.

Мұны Шерзат ісіне байланысты тұрақты пікір білдіріп жүрген белгілі адвокат Джохар Өтебеков те

ОНЛАЙН СОТ ОТЫРЫСЫ – ҰЖЫМ БІРЛІГІНІҢ НӘТИЖЕСІ

Шерзат ісі бойынша тікелей желіде тараған сот отырысы Жоғарғы Соттың жаңа технология мүмкіндіктерін жетік меңгергенін көрсетті. Сонымен бірге, бұл сот саласындағы әрбір кадрдың өз жұмысын қаншалықты жауапты, сауатты атқаратынын айғақтаған процесс болды.

Күні кеше Жоғарғы Соттың Коммуникация бөлімінің меңгерушісі Перизат Сәдуақас Шерзат Полаттың өліміне байланысты өткен сот процесінің қорытындысын жариялады.

10 сәуірден бастап, екі ай бойы Жоғарғы Сот бұл процесті тікелей эфирде жүргізген. Осы уақыт ішінде 36 эфир өтті. Бұл 80 сағаттан астам уақытты қамтыды. Тікелей көрсетілген сот отырысын 30-дан астам медиа-ресурс бөлісіп, көпшілікке таратқан. Бишімбаев сотындағыдай бұл процесте де ашықтықты барынша қамтамасыз етуге күш салынды.

Жоғарғы Соттың ресми YouTube арнасындағы тікелей эфирде көрсетілген процесс бірінші отырыстан бастап миллионнан астам қаралым жинаған. Бұдан кейінгі уақытта тек тұрақты өсу тенденциясы байқалды. Эфирді 25 пен 34 жас аралығындағы көрермен-

дер ең көп тамашалаған. Олардың үлесі 37,1 пайызды құрап отыр. Тіпті 13-17 жастағы көрермендер де болған. Жасөспірімдер үлесі 1,5 пайызды межелейді. Сондай-ақ сот отырысын бақылаған көрермендердің 58,3 пайызы әйелдер болса, 41,7 пайызы – ерлер.

Тағы бір ерекше атап өтерлігі бұл шулы істің барысын тікелей эфирде 42 елдің тұрғыны тамашалады. Олардың қатарында Қазақстаннан бөлек, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Беларусь, Украина, Моңғолия, Қытай, Гонконг, Оңтүстік Корея, Жапония, Вьетнам, Сингапур, Армения, Грузия, Иран, Түркия, Сауд Арабиясы, БАӘ, Катар, Ұлыбритания, Франция, Бельгия, Нидерланды, Люксембург, Швейцария, Германия, Австрия, Чехия, Польша, Швеция, Дания, Италия, Испания, Кипр, Латвия, Болгария, Румыния, АҚШ, Канада, Австралия және Египет бар.

Сот отырысын көру бойынша үздік бестікке кірген елдер:

1. Қазақстан – 87%
2. Өзбекстан – 5,3%
3. Қырғызстан – 1,4%
4. Германия – 0,6%
5. АҚШ – 0,3%



дұрыс аңғарған екен. ГиперБорей арнасына берген сұхбатында адвокат: «Мен осы уақытқа дейін Дидар Қалиахметтің не үшін отырғанын, оған нақты қандай айып тағылғанын түсінбедім. Адвокат та оның іске қатысы жоқтығына көптің көзін жеткізіуі керек еді.

Мәселен, Қалиахмет дүкеннен шыққанда екі қолын көтеріп қорғанған ишара білдіреді. Міне сол сәтке адвокат назар аудартып, оның бұзақылық жасауға емес, қорғануға тырысып жатқанын нақтылауы тиіс болатын. Сондай-ақ, айыптылар қатарында сегіз адам отырғанымен, жәбірленушілерді ұрып жатқан адамның саны алтау. Осы бейнежазбаны бағдар етіп, «Міне, мында алты адам ұрып жатыр. Менің қорғауымдағы азамат олардың арасында жоқ» деп ақиқатқа жетелеуге кім кедергі?» дейді. Осы пікірдің өзі тергеуге, адвокаттар шеберлігіне

қатысты біраз олқылықтың бетін ашады.

Күмән әділдікке көлеңке түсіреді

Сот отырысында күмән тудырған тағы бір жай – Тоқтаубаев Азаматқа байланысты туындап отыр. Алғашқы түсінігінде Тоқтаубаев Нұрбол бауыры Азаматтың қолынан пышақ көргенін айтады. Ал соттағы сөзінде бұл түсінігінен бас тартып, оны жедел уәкілдер мен тергеушінің қысымымен жазғанын жеткізді. Сонда жаны қысылған сотталушының айналасында жүрген басқа күдіктілерді көрсетпей, өз бауырын орға жығып бергені қалай? Сонымен қатар, марқұм Нұрболат Ғайыпбаев та ауруханада берген түсінігінде Шерзатқа Абзал Шынасылдың, ал өзіне Азамат Тоқтаубаевтың пышақ

салғанын айтып, топ суреттің арасынан екі күдіктінің бейнесін тауып береді. Ендеше, аяқ астынан Азамат Тоқтаубаевтың тасада қалып, Равиль Сәкиевтің басты күдіктінің біріне айналғанын қалай түсінеміз?

Сосын негізгі айыпты саналған Абзал Шынасылдың «әбжілдігі» таңқалдырды. Өзі оқиға орнына кешігіп келген ол топ ішіне жүгіріп кіріп Ахмет Махметті бір ұрып талдырады да, одан Шерзат Полатты пышақтап, артынша Нұрғанат Ғайыпбаевқа бірнеше рет пышақ жұмсайды. Ғайыпбаевқа неше мәрте пышақ салғанын күдіктінің өзі де мойындап отыр. Дегенмен, бар кінәні осы бір адамға үйіп-төгу кішкене сенімсіздеу көрінбей ме?

Бұл жерде біреуді ақтау, не біреуді даттау ойымызда жоқ. Біздікі әділдік үшін өткізілген ашық сот отырысы әділетсіздікке бастамаса екен деген ой ғана.

Жалпы, бұл сот отырысының сабақ болар, санаға саңылау салар сәті аз болмады. Бір белгілісі – Алматының дәл іргесіндегі Талғарда тәртіп тек сөз жүзінде екен. Сот отырысына қатысқан кәмелетке толмағандардың барлығы жүргізуші куәлігінсіз көлік тізгіндеуді қалыпты жағдайға айналдырған. Ата-аналары да бұдан мәселе көріп тұрған жоқ. Тіпті, жасөспірімдердің түнде көшеде жүруі де ешкімді алаңдатпайтын сияқты.

Тағы бір белгілісі – айыпты орындығында отырғандардың басым бөлігі бұрын істі болған. Бірнеше рет заңнан аттап, шартты жазамен құтыла беру сотталушылардың өзіне

деген сенімін еселесе керек. Жалпы істі болу шағын қалада кемшілік саналмайтыны байқалады.

Сосын орда бұзар жасқа таяп қалған жастардың не білім алмауы, не тұрақты жұмыс істемейді де отбасының ғана емес, қоғамның қасіреті дегеніміз дұрыс шығар. Жұмыссыздық қылмыс тудыратынының нақты дәлелі бұл. Осы оқиғада да көк тиын таппайтын топтың көңіл көтеруге, тойып тамақ ішіп, ішімдікті қиналмай алуға ақшаны қайдан алатынын ойлап қайран қалдық. Балалар дәл осы сотталушылар секілді кері кетіп, сот отырысында әулетіңізге қарғыс айтылмасын десеңіз бала тәрбиесіне бейжай қарамаңыз. «Қамысты бос ұстасаң қол кесетіні» сияқты, баланы да бос жіберсен, бетімен кетеді.

**Айнұр СЕМБАЕВА,
«Заң газеті»**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДОТАЦИЯ ДАМУЫҒА ЕМЕС, ЖАТЫПШЕРЛІККЕ ӘКЕЛУДЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Жалпы сипаттағы трансферттерді айқындау жөніндегі жаңа тәсілдер» деген тақырыппен өткен дәстүрлі жиында өңірлердің орнықты дамуының маңызды аспектісін – бюджетаралық қатынастар және жергілікті жерлерде бюджет саясатының тиімділігі кең ауқымда талқыланған болатын.

Үкімет сағатында Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин баяндама жасады. Отырысқа депутаттармен қатар Жоғары аудиторлық палата мүшелері, салалық министрліктердің вице-министрлері, облыс және республикалық маңызы



Облыс әкімдері республикалық қаражатты еш дамуға негізделмеген жай бөлушілеріне айналып отыр. Олар өсу нүктелерін белсенді іздемейді, инвестициялар тартуға талаптанбайды. Әкімдіктер бұл тұрғыда өте пассивті. Және бұған бюджетаралық трансферттер себеп болып отыр.

бар қала әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

Жиын тізгінін ұстаған палата спикерінің орынбасары Дания Еспаеваның сөзінен түсінгеніміз, Үкіметке бұл жағдай таңсық емес, сондықтан онда жалпы сипаттағы трансферттерді, яғни, республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге жіберілетін субвенцияларды айқындаудың жаңа әдістемесі дайындалып жатыр. Елімізде Атырау облысы, Астана мен Алматы қалалары донор деп танылған. Қалған он жеті өңір – субвенциялық, олар өз шығыстарын өтеу үшін республикалық бюджеттен жалпы сипаттағы трансферттердің едәуір көлемін алады.

– Аталған үш донор өңірден республикалық бюджетке 2024 жылы 470 млрд теңге түсті, ал республикалық бюджеттен аймақтарға субвенциялар түрінде 5,3 триллионнан астам теңге бөлінді. Айырмашылықты өздеріңіз көріп отырсыздар. Іс жүзінде барлық өңір республикалық бюджет есебінде деуге болады. Осы жерде айту керек, жергілікті бюджеттердің кірістері соңғы 6 жылда 3 есеге өскеніне қарамастан, республикадан өңірлерге берілетін субвенциялар көлемі де артып отыр. Мысалы, егер 2014 жылы субвенциялар көлемі 978,0 млрд теңгені құраса, 2024 жылы 5,3 трлн теңгеге жеткен. Яғни, 10 жыл ішінде 5 еседен асқан, – деді вице-спикер. Оның айтуынша, республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері болса да, өңірлерді инфрақұрылым және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету деңгейі әртүрлі болып отыр. Бүгінде өңірлер арасындағы жан басына шаққандағы ішкі өнім алшақтығы 10 еседен асады.

Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин бюджетаралық трансферттердің негізгі міндеттері өңірлердің бюджетпен қамтамасыз етілуін теңестіру, базалық инфрақұрылымға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, алшақтықты болдырмау екенін айтты.

– Соңғы бірнеше жыл бюджет үшін дағдарыс жылдары болғанына қарамастан, 2020 жылдан бері коронавирустық инфекция пандемиясы, геосаяси дағдарыс және Еуразиялық экономикалық одақтың жекелеген елдеріне қатысты санкциялар енгізуі бюджет кірістеріне айтарлықтай әсер етті. Дегенмен жергілікті бюджеттер кірісінің өсуі байқалады. Дағдарыс кезінде ха-

лыққа және бизнеске бюджет саласы жұмыскерлерінің жалақысын ұлғайту, біржолғы жәрдемақыларды төлеу, ШОБ тексеруге мораторий және басқа да шаралар арқылы қолдау көрсетілді.

Алайда жиында қосымша баяндама жасаған Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы Татьяна Савельеваның айтуынша, бірқатар міндет әлі толық шешілген жоқ. Кірістердің артығымен орындалуы мен 850 миллиард теңгеден астам қалдық қалуы негізгі проблемалардың бірі. Бұл бюджеттік шешімдер мен ұзақ мерзімді даму басымдықтары арасындағы байланыстың әлсіздігін көрсетеді. Сондықтан ол шығындарды қауіпсіздік карталары мен цифрлық платформаға байланыстыру, қалдық және игерілмеген қорлар туралы есеп беру қажет.

Сонымен қатар, депутаттың айтуынша, жалпы трансферттерді есептеу кезінде өңірлердің нақты кіріс әлеуетін ескермейді. Аудандар мен облыстар арасында бюджет теңгерімсіздігі қауіп де бар.

– Жалпы, трансферттерді есептеудің жаңа әдістемесін енгізудегі басты мәселелердің бірі – есептеулер негізделетін сенімді статистикалық базаның жоқтығы. Ресми және ведомстволық статистика біріктірілмеген және жиі бір-біріне қайшы келеді. Негізделген трансферттердің қалыптасуына шындыққа жанаспайтын статистикалық мәліметтер тікелей кедергі келтіреді. Үкімет сағатына дайындық барысында бұл мәселе Жоғары аудиторлық палатамен бөлек талқыланды. Комитет статистикалық деректер қорын қалыптастыру әдістемелерін қайта қарау, сондай-ақ қарапайым есеп беру статистикасынан цифрлық құралдар мен деректерді басқарудың заманауи тәсілдеріне негізделген аналитикаға көшу қажеттігі туралы Жоғары аудиторлық палатаның ұсынысын толығымен қолдайды, – деді Т.Савельева. Сондықтан оның пікірінше, ұсынымдарға Ұлттық статистика бюросына аудит жүргізу туралы ұсынысты енгізу орынды.

Жиында көп мәселенің шындығы ашылды. Облыс әкімдері республикалық қаражатты еш дамуға негізделмеген жай бөлушілеріне айналып отыр. Олар өсу нүктелерін белсенді іздемейді, инвестициялар тартуға талаптанбайды. Әкімдіктер бұл тұрғыда өте пассивті. Және бұған бюджетаралық трансферттер

себеп болып отыр. Шын мәнінде бұл қаржы экономиканы дамытып, тұрғындардың әл ауқатын жақсарту үшін беріліп отыр ғой. Өкінішке қарай, бәрі керісінше болуда. Өйткені, қаржынды жұмыс істеп өз кірістерін көбейткен аймақ, бұл қаржыны жоғалтатындықтан, әкімдер жай отырып, осы қаржыны бөлумен ғана айналысатын болған. Себебі, оларға экономиканы дамытқаннан гөрі осы оңайырақ. Ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүру дегеннің бұдан артық қандай мысалы керек. Мұның себебі, біздің бюджетаралық трансферттер жүйесінің құрылымында екен. Бүгінгі таңда өз кірістерін көбейткен аймақ трансферттердің бір бөлігін жоғалтады, яғни табысы үшін жазаланады. Мұндай логикада экономиканы дамытудан гөрі «трансферттерде отыру» оңайырақ.

Жиында сөз алған депутаттар бұл тәжірибенің әділетсіз ғана емес, сонымен қатар тиімсіз екенін атап көрсетті. Бұл әкімдердің экономиканы дамытуға деген ұмтылысын арттыру былай тұрсын, оны тоқыратқаны үшін жауапкершілік туғызбайды.

Ал, елде трансферттерді пайдалану тиімділігін және өңірлерді субсидиялауды төмендету жөніндегі нақты күш-жігерін бағалауға мүмкіндік беретін жүйелі мониторинг жоқ. Сондықтан жалпы сипаттағы трансфертті есептеу әдістемесін қайта қарау, оған ынталандырушы компонент салу, яғни салық базасының өсуіне және трансферттерге тәуелділіктің төмендеуіне қол жеткізетін аймақтарға кірістер өсімінің бір бөлігі қалуы керек, сонымен қатар қосымша өкілеттіктер мен бюджеттік икемділік берілуі керек.

Екіншіден, шағын және орта бизнестің дамуында көпжылдық тоқырауды және инвестициялық тартымдылықты көрсететін өңірлер үшін бюджеттік жауапкершілік тетігін енгізу, жалпы сипаттағы трансфертті есептеу кезінде оларды төмендету коэффициенттерін көздеу маңызды. Бұл ретте мұндай көрсеткіштер нәтижелілігі жыл сайын бағаланып, бюджеттік комиссия деңгейінде қадағалануы тиіс.

Үшіншіден, өңдеуші және шикізаттық емес сектордың, кәсіпкерлік белсенділіктің және салық базасының өсуі сияқты параметрлер ескерілетін трансферттерді пайдалану тиімділігінің бірыңғай рейтингін құру. Бұл әкімдердің қайсысы шынымен жұмыс істейтінін және кімнің «формула бойынша» өмір сүретінін объективті түрде көрсетеді. Тек осындай ынталандыру және жауапкершілік жүйесі арқылы біз ресурстарды қайта бөлуден аймақтардағы экономикалық дамуды ынталандыруға ауыса аламыз.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ӘЛЕУМЕТ

Алматы облысында қазір тұрғындарының 80 пайыздан астамы ауылдық жерде тұрады. Бұрын бұл көрсеткіш бұдан да жоғары болатын. Сондықтан өңір ауыл шаруашылығы саласы бойынша елімізде көшбасшы болды. Бұл үрдіс әлі өз жалғасын табауда. Мәселен, былтыр 169,2 мың гектар дәнді дақыл алқабынан 612,2 мың тонна, 23,7 мың гектар майлы дақыл алқабынан 42,2 мың тонна, 10,4 мың гектар картоп алқабынан 247,7 мың тонна, 17,3 мың гектар көкөніс-бақша дақылдарынан 492,7 мың тонна және 50,4 мың гекта жүгері алқабынан 357,1 мың тонна өнім жиналды.

ӨНІМ САҚТАЙТЫН ҚОЙМАЛАРДЫ ЖАҢАРТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Ұлттық статистика бюросының Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Бағлан Қарғұловтың айтуынша, ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы биыл қаңтар-наурызда 97,4 млрд теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңінде 101,9 пайыз өсімді көрсетті. Соның нәтижесінде облыстың республикадағы үлесі 13,5 пайызды құрайды. Есепті кезеңде облыстың ауыл шаруашылығында 96,1 млрд теңге өнім өндірілді. Оның 90,1 млрд теңгесі мал шаруашылығында, 6 млрд теңгесі өсімдік шаруашылығында. Сол себепті біз мал емес, өсімдік шаруашылығындағы түйткілді мәселенің бірін қозғағалы отырмыз. Бұл жиналған өнімдерді сұрыптап, сақтайтын қоймаларға қатысты жағдай болмақ. Себебі, облыстың мал ғана емес, өсімдік шаруашылығындағы әлеуеті де өте зор. Өкінішке қарай, өңір ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеудегі өз мүмкіндігін әлі толық пайдалана алмай отыр. Оны саланың дамуын жеделдететін бірден-бір маңызды фактор саналатын нақты қолда бар өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау қоймаларының саны, сыйымдылығы мен климаттық бақылау жүйесімен жабдықталуынан да байқауға болады.

Егер Ұлттық статистика бюросының мәліметіне жүгінетін болсақ, облыста жылдың басында нақты бар өсімдік шаруашылығындағы құрылыстардың және ғимараттардың 12395-ін көкөніс-картоп; 460-сын жем-шөп және астық-тұқым сақтау; 51-і мал азығы үшін тамыр жемістілер; 46-сы жеміс-жидек қоймалары құраған. Өндірістен хабары аз адамға бұл сандар бір қарағанда көп боп көрінетіні күмәнсіз. Алайда, егіс алқаптарының аумағын, ондағы өнімділікті, импорт пен экспорттың көлемін, ішкі және сыртқы нарықтағы ахуалды ескере отырып, кіріс пен шығысты жеке-жеке алып қарастырғанда ғана олар мұндағы түйткілді мәселені түсіне бастайды.

Егер облыс бойынша өсімдік шаруашылығы қоймаларының жай-күйіне қарайтын болсақ өңірдегі 12 мыңнан астам көкөніс-картоп қоймаларының 37-сі ауыл шаруашылық кәсіпорындарында, 31-і дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтарының меншігінде. Жем-шөп және астық-тұқым сақтау қоймаларының 217-сі ауыл шаруашылық кәсіпорындарында, 31-і дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтарына тиесілі. Жеміс-жидек сақтау қоймаларының 25-і ауыл шаруашылық кәсіпорындарында, 14-і дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтарының иелігінде тұр. Енді оған бұдан да тереңірек қарайтын болсақ облыстағы ауыл шаруашылық кәсіпорындарына тиесілі жеміс-жидек сақтайтын 25 қойманың тең жартысы ғана климаттық бақылау жүйесімен жабдықталған. Ал 217

жем-шөп және астық-тұқым сақтау қоймаларының 32-сі, көкөніс-картоп сақтайтын 37 қойманың бесеуі ғана климаттық бақылау жүйесімен жабдықталған.

Енді ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына тиесілі бұл қойма құрылыстарының көлемі мен сыйымдылығына да назар аудар кеткен артық болмас. Жем-шөп және астық-тұқым сақтау қоймаларының көлемі – 147 448 шаршы метр, сыйымдылығы – 271746 тонна, жылдық максималды жүктемесі – 146 674 тонна. Көкөніс-картоп қоймаларының ауданы – 36086 шаршы метр, сыйымдылығы – 52413 тонна, жылдық максималды жүктемесі – 24637 тонна. Жеміс-жидек қоймаларының ауданы – 48222 шаршы метр, сыйымдылығы – 287800 тонна, жылдық максималды жүктемесі – 277498 тонна. Егер бұл сандардың астарына үңілер болсақ мәселенің бәрін тек қойма тапшылығына ғана тіреп қоюға болмайды. Бізде барының өзі тиімді пайдаланылмай отыр. Дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары тұрmaq жағдайы тәуір саналатын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өзінде жалпы ахуал осындай боп тұрғанда, ұсақ шаруа қожалықтары туралы сөз қозғау қиын.

Оларды бұл тығырықтан шығарудың жалғыз жолы қазіргі жағдайда – ауыл шаруашылығы кооперативтері. Оны «Нарыққол картобын» қайта жаңғырту үшін 2018 жылы Кеген ауданынан Райымбек ауданы қайта бөлініп шыққаннан кейін картоп алқабын көбейту мақсатында аудандық әкімдіктің қолдауымен құрылған 5 ауыл шаруашылығы кооперативінің тәжірибесінен де көруге болады. Мысалы, «Алтын дән» ауыл шаруашылығы кооперативінің төрағасы Дулат Құлмамұровтың айтуынша, бұл кооперативті 2022 жылы 10 шаруа қожалығы бірігіп құрған. «Тәртеу түгел болса төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді» дегендей бірлігінің бекемдігін ісімен көрсетіп 3 жылдың ішінде өздерінің техникалық паркін мемлекеттік бағдарлама арқылы барлық қосалқы жабдықтарымен жабдықталған 22 трактормен толықтырып отыр. Биыл олар бұған дейін суарылмаған 3 мың гектар жайылымдық жерді суармалы егістік алқабына айналдыру жұмысын бастапты. Қазір 250 метр тереңдіктегі жер асты суын 4 жерден бұрғылап шығару жоспарланған. Оның алғашқысы бұрғыланып шығатын бопты. Енді мұнда 30 мың текше метр су сиятын қойма да салынбақ. Бәрі дұрыс боп жатса бұл жерге бидай ғана емес, картоп, сәбіз және тағы басқа да дақылдарды егуді жоспарлауда. Бұл үшін биылдың өзінде 1,5 мың гектар алқапқа бидай еккен, бұдан бөлек картоп алқабын да ұлғайтып жатыр.

С.ӘЙТЕНОВА
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

АЙМАҚ АҚПАРАТ

«ТАБИҒАТЫМ – БАЙЛЫҒЫМ»

Дүниежүзілік экология және қоршаған ортаны қорғау күніне орай Шымкент қалалық Жастар ресурстық орталығының еріктілері, Тұран аудандық төтенше жағдайлар басқармасы және қаланың тазалығына бейжай қарамайтын тұрғындар «Табиғатым – байлығым» атты акция өткізді.

Экологиялық акцияға қатысушылар Қазығұрт шағын ауданындағы орман шаруашылығына барып, қоқысты шығарып, тазалық жұмыстарын жүргізді.

«Акция өткізілетін орын бекерге таңдалған жоқ. Біз орман шаруашылығының ерекше қорғалатын аумағын,

бұрынғы Комсомол көлінің маңын тазартамыз. Бұл акция Экология күніне арнап өткізіліп отыр. Оған Жастар ресурстық орталығының еріктілері мен қоғам белсенділері қатысты», — дейді Жастар ресурстық орталығының өкілі Дана Ерханова.

Акция барысында «Отырар» колледжінің белсенді студенттері мен төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлері қолдарына құрал-саймандары мен қаптарын алып, айналаны күл-қоқыстан, тұрмыстық қалдықтардан тазартты.

Бұл күні ауа температурасы 35 градустан асқандығына қарамастан, акцияға қатысушылар белсене жұмыс істеді. Осылайша, олар өз қаласының тазалығын сақтауға үлес қосқанын зор мақтанышпен айтуда.

А.МӘУЛЕНБАЙ



ПІКІР

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ ҚОҒАМДЫ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Заңнан хабары бар, құқықтық сауаты жоғары азамат ешқашан сергелдеңге түспейді. Азаматтардың құқықтық мәдениеті жоғарылаған сайын елде қылмыс азаяды, келіспеушіліктер кемиді, қақтығыстар төмендейді. Сондықтан, заңгерлік білім алудың, заңгерлер кеңесіне жүгінудің қоғам үшін пайдасы орасан.



Бұрын өркениетті елдерде әр отбасының өз заңгері, жеке адвокаты болатынын байқап таңданып едік. Мұндай артықшылықтың мәні мен маңызына енді көз жеткізе бастадық. Себебі, құқықтық, зайырлы мемлекеттерде тұрғындар сала мамандарына тікелей жүгініп, өз саласының білгірлеріне артықшылық беріп үйренген. Сәйкесінше адвокат, заңгерлер де әр отбасындағы құқықтық құжаттарды дұрыс рәсімдеп, заңға байланысты мәселелер туындамас үшін кешенді жұмыс жүргізеді. Жас мемлекет болғанымен, Қазақстан-

ның да осы бағытта дамып келе жатқаны қуантады.

Құқықтық түйткілдерді бейбіт шешуге, сапалы реттеуге тырысқан азаматтардың заңгерлік білім алуға ұмтылатыны жиі байқалады. Шын мәнінде, заңгерлік білімді меңгергеннің артықтығы жоқ. Бұл ең алдымен қандай да бір келеңсіздікке ұшырамаудың алғышарты. Еліміздегі жоғары оқу орындары өзара бәсекелесе отырып, қоғамға пайдасы тиетін, білімі жоғары, тәжірибесін шыңдаған мамандар дайындауға күш салуда. Оқу орындары мемлекеттік-құқықтық мәселелерді шешу-

ге қабілетті, біліктілігі жоғары заң саласына мамандар даярлауға білек түре кірісуде.

Заңгерлік білім қай кезде де беделді әрі абыройлы мамандықтың бірі. Сол себепті жастар арасында заңгер мамандығына деген қызығушылық қашан да жоғары. Бұл мамандықты ең әмбебап мамандықтар қатарына қосуға болады. Мәселен, жоғары оқу орындарында «құқықтану» мамандығы бойынша білім алған түлектер сот, прокуратура, адвокатура, ұлттық қауіпсіздік, полиция, нотариус сияқты көптеген салада нәтижелі еңбек ете алады. Болашақ заңгерлерге дәріс оқитын, жол көрсететін, білім беретін ұстаздар да осы заңгерлер қатарынан шығады. Мектеп, колледждердегі құқықтану сабақтарын жүргізетін ұстаздар да құқықтану факультеттерінің түлегі. Міне, сондықтан қоғамдағы ең басым салалардың құлағында отырған заңгер мамандарды заман талабына сай дайындау, халықаралық стандарттарға орай біліктіліктерін арттыру, теорияны ғана емес, тәжірибені де терең меңгеруіне мүмкіндік ұсыну біздің міндетіміз.

Қазір беделді жоғары оқу орындарының бәрінде дерлік құқықтану факультеті бар. Бұл оқу орындарын даралайтын да, танымалдығын арттырып, мәртебесін көтеретін де – білікті түлектер екені шындық. Сондықтан, заңгерлер дайындап жатқан кез келген оқу орны оқытушылар құрамына тәжірибелі мамандар мен сауатты ғалымдарды тартып, оқу бағдарламасын сындарлы жасауға, бәсекеге қабілетті түлектер қалыптастыруға барын салуда.

Ануар ҚУАНАЛИЕВ,
ҚР Бас прокуратурасы
жанындағы құқық қорғау
академиясының
аға оқытушысы,
Әділет кеңесшісі

РУХАНИЯТ

«МАРХАБАТ БАЙҒҰТ ТАҒЫЛЫМЫ: арайлы Алматыға шырайлы Шымқаладан»

Биыл қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, түркі жұртының сүйікті жазушысы, көркем сөздің хас шебері Мархабат Байғұттың туғанына – 80 жыл. Жазушының мерейтойы Түркістан облысы мен Шымкент қаласында кең көлемде аталып өтіп жатыр.

Мерейтой аясында жыл басынан бері түрлі мазмұнды мәдени-әдеби іс-шаралар ұйымдастырылуда. «Мархабат Байғұт тағылымы: Арайлы Алматыға шырайлы Шымқаладан» атты әдеби керуенін сол игі шараның жалғасы деуге болады. Алматыға жол тартқан әдеби шара 11 маусымда сағат 11-де ҚР Ұлттық кітапханасында өтеді. Шараны ҚР Ұлттық кітапханасы мен әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы ұйымдастырып отыр.

Мархабат Байғұт – әңгіме жанрына қалам тербеген бірегей жазушы. Оның артында қазақ әдебиетіне қосқан мол мұрасы қалды. Қайраткер сондай ақ, Түркістан облысының рухани саласының дамуына айрықша үлес қосты.

«Құрмет», «Парасат», «Барыс» ордендерінің, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Мархабат Байғұттың өнегелі жолы ұрпаққа үлгі, тарихқа тағылым.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН



АБАЙ -180

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ойшылы, ақыны, ағартушысы және қоғам қайраткері. Оның шығармашылығы ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің және рухани дүниетанымының маңызды бөлігі. 2025 жылы Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл. Бұл мерейтой оның мұрасын жаңаша саралап, бүгінгі қоғам үшін маңызын айқындауға мүмкіндік береді.

АҚЫН МҰРАСЫ – МӘНГІЛІК ҚАЗЫНА

Оның шығармалары философиялық тереңдігімен, адамгершілік құндылықтарды насихаттауымен ерекшеленеді. Абайдың қара сөздері білім, ғылым, еңбек, әділдік, адамгершілік және рухани даму сияқты тақырыптарды қамтиды. «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» сияқты өлеңдері жастарды білімге шақырса, «Қара сөздері» қазақ ойының тереңдігін көрсететін философиялық толғамдар.

Абай Құнанбаевтың еңбектері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оның поэзиясы мен философиясы қазақ халқының рухани жаңғыруына үлкен ықпал етуде. Абай білім мен ағартушылықтың маңыздылығын ерекше атап өткен, оның бұл идеялары қазіргі қоғам үшін де аса маңызды. Абайдың шығармалары тек Қазақстанда ғана емес, әлемнің көптеген елдерінде зерттеліп, оқытылуда. Оның еңбектері орыс, ағылшын, француз және

басқа да көптеген тілдерге аударылып, әлемдік деңгейде танымалдыққа ие болды.

Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойы – оның мұрасын жаңа қырынан танып, оның идеяларын қазіргі заманға сай жүзеге асыруға

мүмкіндік беретін маңызды кезең. Ұлы ақынның шығармашылығы мәңгілік мұра болып қала бермек және оның ойлары мен еңбектері болашақ ұрпақ үшін бағдаршам болары сөзсіз.

Ә.НАБИЕВА,
Ақтөбе қаласының әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының сот
отырысының хатшысы

МІНБЕР

ТӘРБИЕ БАСЫ – ТІЛ

Тіл – қазақтың ең қадірлісі. Содан болар, ғұлама данышпан Махмұт Қашқари «Тәрбие басы – тіл» десе, айтулы алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытов «Ана тілі халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі» деп ерекше баға берген. Ана тілін ардақтағаннан болар, тіл туралы толғанбаған ақын аз, туған тілін шығармасына тірек етпеген жазушы кем. Міне, сол ұлттың ең қымбат қазынасы саналатын қазақ тілінің мәртебесін көтеру бүгінгі ұрпақтың да азаматтық парызы.

Қазақ тілі – әлемдегі ең көркем, бай тілдердің бірі. Оның көркемдігін Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын» оқыған жандардың бәрі мойындаған. Осындай әуезді, әдемі тілімізді кейінгі ұрпаққа сол қалпында аманаттау аса маңызды. Ол үшін барлық салада, кез келген ортада қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, мемлекеттік тілдің мерейін өсіретін шараларды үнемі қаперден шығармауымыз керек. Отандық сот саласында да мемлекеттік тілдің мәртебесі биік.

Бүгінде барлық соттарда кіріс-шығыс құжаттары толықтай мемлекеттік тілде дайындалады. Азаматтарға арналған хабарламалар мен арыз-шағым үлгілері қазақша әзірленген. Сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді білуіне жіті көңіл бөлінеді. Судьялар мен сот қызметкерлерінің қазақ тілін біліп қана қоймай, еркін, жатық сөйлеуіне, заң терминдерін дұрыс қолдануына, шеберлігін шыңдауына да басымдық беріледі.

Соттағы барлық басқосу, ашық есік күндері мен жиындардың мемлекеттік тілде өтетінін айта кеткеніміз жөн. Сонымен бірге, тұрғындарды қабылдау кезінде, аймақ халқымен кездесулер барысында халықтың қандай да бір тілдік кемсіту көруіне жол берілмейді. Яғни, азаматтар қай тілде сауал қойып, талап жолдаса, сол тілде тыңғылықты жауап ала алады.

Судьялар мен сот қызметкерлері жұмыс барысында мемлекеттік тілге байланысты туындайтын қиындықтар мен кемшіліктерді ашық талқылап, біріге отырып шешуге үйренген. Аудандық сот



Шынар ОСПАНОВА,
Ұржар аудандық сотының
төрағасы

мемлекеттік тілге қатысты мәселелер мен ұсыныстарды әкімдік, прокуратура, полиция, әділет органының қызметкерлерімен, адвокатура, банк, қаржы ұйымдары, үкіметтік емес ұйым өкілдерімен бір үстел басында, бірігіп саралауды да жақсы дәстүрге айналдырған. Соның арқасында қазақ тілін қолдануда орын алатын кейбір кемшіліктер уақытында шешімін тауып, соттағы мемлекеттік тілдің қолданылу аясы кеңейіп келеді.

Елімізде қазақ тілін үйренемін, білемін деген адамға барлық жағдай жасалған. Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілді үйрету курстары тұрақты жұмыс істейді. «Келісіп пішкен тон келте болмас» демекші, мемлекеттік тілге байланысты қолға алынған осындай кешенді шаралар алдағы уақытта оң нәтижесін берері анық.

АБАЙ ОБЛЫСЫ

ӨНІР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

АҒАШ ӨНДЕУ КЕШЕНІ САЛЫНАДЫ

Абай облысында ағаш өңдеу кешені салынады. Кәсіпорынның іргетасын қалау рәсіміне облыс әкімінің бірінші орынбасары Ербол Садыр, «Универсал СМ» ЖШС бас директоры Жандос Тұрсынғали, ««Chang Xing Group» компаниясының өкілдері қатысты. Әкімдік ақпаратына сүйенсек, жоба құны 10 миллиард теңгені құрайды. Зауыт іске қосылғанда 500 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Заманауи технология бойынша экологиялық таза ағаш плиталары, теміржол және трамвай жолдарына арналған шпалдар өндірілмек. Мұнда жылына 500 мың текше метр көлемінде ағаш материалдарын өңдеп шығару қарастырылған. Облыстық өңірлік үйлестіру кеңесінің шешімімен өндірістік аймақтан жер телімі бөлінді. Кешеннің алғашқы кезеңін іске қосу 2026 жылға жоспарланған.

С.АСҚАР

ЖАҢА СУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Жетісу облысында жаңа су электр станциясы пайдалануға берілді. Қора өзенінде салынған бұл ГЭС – өңірдегі жаңартылған энергия көздерінің 18-ші нысаны. Жаңа ГЭС-тің жылдық қуаты 26 МВт. Ескелді ауданының Қора өзеніндегі ГЭС-3 нысанын іске қосу салтанатында алдымен станция құрылысы туралы фильм көрсетіліп, ҚР Энергетика министрінің орынбасары Сұңғат Есімхановтың бейнеқұттықтауы берілді. Сондай-ақ іс-шараға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов облыстың құрылғанына 3 жыл толуына және жаңа нысанның ашылуына орай құттықтау тілегін білдірді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

КОПҚАБАТТЫ ҮЙЛЕР

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

Биыл Алматыда 2023–2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдасы аясында көппәтерлі тұрғын үйлерде 100 лифті жаңартылады.

Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы былтыр қалада 54 көппәтерлі тұрғын үйде 100 лифт ауыстырылғанын, 118 үйде күрделі жөндеу жүргізіліп, оның ішінде: 59 шатыр, 7 қасбет, 7 кіреберіс, 6 электр желісі, 37 инженерлік желі, бір автоматтандырылған жылу пункті және жалпы үйге ортақ жылуды есептейтін 25 құрал болғанын жеткізді.

А.МӘУЛЕНБАЙ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ТАСЫМАЛ АЯСЫ КЕҢІДІ

Құрық порты арқылы Еуропаға жүк көліктері тасымалдана бастады. Өткен айда 100 автокөлік Баку портына жеткізіліп, одан әрі Еуропа елдеріне жөнелтілген. Енді ай сайын 500 көлік тасымалдау жоспарда. Нәтижесінде жүк айналымы – 19 млрд доллар болмақ. Бұл жобаға Ақтау халықаралық әуежайы да атсалысады. Олар ауыр жүк көліктерін сақтап, тиеп, ұшақпен тасымалдайды. Осы мақсатта – аталған кәсіпорындар қытайлық компаниямен келісімшарт жасады.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тек 2018 жылы Райымбек ауданы Кеген ауданынан қайта бөлініп, Нарынқол қайтадан аудан орталығына айналғаннан кейін ғана кері кеткен өндіріс қайта жандана бастады. Мәселен, былтыр аудан 2250 гектарға голландиялық картоп сорттарын әкеп отырғызып, одан 50 мың тонна өнім жинады.

– **Картоп өнімділігі жағынан әлемдегі ең ірі өндіруші және тұтынушы болып табылатын көршілес Қытай елінен біз неге артта қалып қойдық?**

– Қытайдағы технологиямен жақсы таныспыз. Олардың мақтанатын түгі жоқ. Қазіргі таңда Қытайда 1 млн гектар егістік алқап жарамсыз боп қалды. Бұл әртүрлі химиялық препараттарды артығымен беріп 2-3 есе өнімді көп алудың нәтижесі. Мәселен, Мемлекеттік реестрде Голландияда шығарылатын 3,5 мың картоп сорты тіркелген. Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғалымдарымен ақылдаса отырып, биологиялық ерекшеліктеріне қарап, аудандастырылған сорттарды зертхана шешімімен ғылыми негізделген және арнайы комиссияның рұқсатымен мақұлданғанын ғана әкелеміз. Сондай-ақ топырақтың химиялық анализін алып, картопқа қажетті элементтерді беріп, ғалымдармен бірігіп жұмыс жасаймыз. Негізі өнімділікке әсер ететін нәрсе ауданның теңіз деңгейінен қанша биікте тұрғаны, ауданның климаттық жағдайы, түнгі және күндізгі температура. Сол себепті біз аудандастырылған картоптың өзінің ерекшеліктеріне сәйкес алатын өнімді өз алқаптарымыздан алып жүрміз. Одан артықты күштеп алуға болмайды. Өйткені біз табиғаттың мүмкіндігінен артық өнім ала алмаймыз.

– **Биыл елімізде картоп тапшылығы байқалып, жаңа жылдан кейін баға күрт кө-**

теріліп кетті емес пе?

– Біз былтыр жақсы өнім жинағанымызбен, жалпы елімізде өнімділік төмен болды. Одан кейін картопты сақтайтын қоймалардың тапшылығынан жиналған өнімді шаруа қожалықтары ішкі сұранысты қамтамасыз ететіндей көлемдегі қажетті қорды қоймада сақтай алған жоқ. Бұдан бөлек бір кездері елімізде картоптың жеке ғылыми-зерттеу институты жұмыс жасады. Қазір ол Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының құрамына қосылған. Егер жоғарыда біз тілге тиек еткен «Шортанды», «Текес» және ғарышқа барып келген «Тоқтар» сияқты отандық сорттарды институт жаңартып, шаруашылықтарға енгізсе

Самат САТЫЛҒАНОВ, Алматы облысы Райымбек ауданы әкімінің орынбасары:

«НАРЫНҚОЛ КАРТОБЫНЫҢ ДАҢҚЫН ЖАҢҒЫРТУ ТЕК БІЗГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС»

нұр үстіне нұр болар еді. Біз шетелдік қымбат тұқымға тәуелді болмас едік. Осы мәселені қолға алатын картоп институты қазір өз мәнінде жұмыс жасай алмай отыр. Егер ол шешілетін болса, бізге пайдасы орасан.

– **Бұл өңірдегі картоп қоймаларының саны мен сыйымдылығы қанша?**

– Біздің ауданда 7 картоп қоймасы бар. Оның біреуін «Алтын дән» кооперативі алдыңғы жылы өз күшімен салып алды. Қалған алтауы Кеңес дәуірінен қалған қоймалар.



– **Жаңадан картоп қоймаларын салуға не кедергі?**

– Біздегі шағын қожалықтардың қойма салуға шамасы келмейді. Өйткені іріленген екі ғана кооператив бар. Жеке шаруа қожалықтарының айналымдағы басы артық қаражаты жоқ. Қаржы институттарынан несие алып салуға да болады. Бірақ бұл жердегі ең күрделі мәселе несиені рәсімдейтін кезде біздің ауданнан қойылатын кепілдің өте төменгі бағада алынуы не кепілге қоятын мүлктің жоқтығы қолбайлау болып отыр. Егер осыны жоғары жақ біртарапта шешетін болса, қаржыландырудың шаруа қожалықтарына ыңғайлы

өткізіп, су үнемдеу технологияларын пайдаланатын болсақ, картоп көлемін ауданымызда 5-8 мың гектарға ұлғайтуға мүмкіндік бар.

2018 жылы аудан бөлінгелі бері картоп алқабын көбейту үшін 5 ауылшаруашылығы кооперативін құрдық. Мемлекеттік бағдарламалармен оларға қажетті техникаларды алып бердік. Голландиядан аудандастырылған сорттардың да бірнеше түрін әкелдік. Былтыр 100-ден астам ауыл шаруашылығы техникасын лизинг бойынша сатып алғанбыз. Биыл жыл басынан бері 40-қа жуық техника алдық. Жыл аяғына дейін бұл көрсеткіш былтырғыдай болады деп отырмыз. Қазір ауыл шаруашылық техникасымен жарақтануымыз ауданда 70-80 пайызға жетіп қалды.

– **Су үнемдеу техникаларын енгізу қалай жүріп жатыр?**

– Райымбек ауданы суармалы алқаптарға қажетті суды 7 тау өзенінен алады. Климаттың өзгеруіне байланысты тау өзендерінен келетін судың көлемі жылдан жылға азаюда. Осы мәселені тұрақтандыру бағытында және Президенттің тапсырмасына сәйкес ауданда су үнемдеу технологиясына көп көңіл бөлінуде. Былтыр оны мың гектардан астам жерге қолданғанбыз. Енді биыл бірнеше шаруашылыққа 2 мың гектар жерге су үнемдеу технологиясын кіргізуді жоспарлап отырмыз. Одан бөлек суландыру жүйесін жөндеу жұмыстарын қолға алдық. Мұның сыртында ауданымызда 6 тоспа құрылыстары жүріп жатыр. Биыл бұл жұмыстар бітеді. Оларға суды жинақтап су бармайтын тәлімді жерлерге су жеткізіп, оны суармалы алқапқа айналдыруға көңіл бөліп жатырмыз. Қолға алған бағдарламаларымыздың бәрі сәтімен аяқталса, қосымша 12-14 мың гектар алқапты суармалы жерге қосамыз деп жоспарлап отырмыз.

– **Сұхбатыңызға рақмет. Еңбектеріңіз табысты болсын.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

СОТ ЖҮКТЕМЕСІН ТӨМЕНДЕТУДІҢ ЖОЛЫ ҚАЙСЫ?

Кең байтақ еліміз жиырма өңірден құралады. Соның ішінде Астана, Алматы және Шымкент қалалары, халқының санына, сол халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты ерекше орын алатыны мәлім. Еліміз өңірлерден, ал сол өңірлердің ішінде аудандар болғандықтан, Азаматтық процестік кодексте «ведомстволық және соттылық» деп аталатын арнайы тарау қарастырылған.

Азаматтық процестік кодекстің 29-бабына сәйкес, талап қою жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі. Егер жауапкер заңды тұлға болса, талап қою заңды тұлғаның құрылтай құжатына сәйкес және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайға сәйкес орналасқан жері бойынша сотқа беріледі. Осы кодекстің 32-бабына сәйкес, тараптар өзара келісім бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында осы іс үшін, оның ішінде соттың іс жүргізуінде жатқан істер бойынша аумақтық соттылықты өзгерте алатыны, сондай-ақ эксаумақтық соттылықты тандай алатыны бекітілген.

Әрбір жеке және заңды тұлға кодекстің осы бабын пайдаланып, арада

дау туындаған жағдайда, аумақтық соттылықты өзгертіп, даудың өздері орналасқан жердегі соттарда қаралғанын қалайды. Жоғарыда Астана, Алматы және Шымкент қалалары, халқының санына, сол халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты ерекше орын алатынын айттық. Осылардың ішіндегі Алматы қаласы – үлкен мегаполис. Мұнда көптеген екінші деңгейдегі банктер, микроқаржылық ұйымдар, коллекторлық агенттіктер тіркелген. Олар несие беру шартында Азаматтық процестік кодекстің 32-бабына сүйеніп, дауды өздері орналасқан аудандық соттың қарауына, яғни шарттық соттылықты қарастырады. Соның салдарынан, аталған қаладағы сот өндірісіне түсетін азаматтық істер саны өте көп. Мысалы,

2024 жылғы статистикаға қарағанда, Алматы қаласының Жетісу аудандық сотындағы жүктеме 306,1 істі құраған. 2024 жылы Жетісу аудандық сотында 4 судья қызмет жасады, яғни, аталған жүктеме өте көп десек артық болмайды. Әрине, шектен тыс жүктеме, қаралып жатқан азаматтық істердің сапасына да кері әсерін тигізетіні сөзсіз.

Егер Азаматтық процестік кодекстің 32-бабына, «екінші деңгейдегі банктердің, микроқаржылық ұйымдардың, коллекторлық агенттіктердің несиесіне қатысты даулар бойынша шарттық соттылық болмайды» деген өзгеріс жасалса, аталған қалалардағы соттардың жүктемесі тез арада шешілер еді. Себебі, қаралған азаматтық істердегі жауапкерлердің шамамен 80 пайыздан астамы басқа өңір тұрғындары.

С. ҚАНАТБАЕВ,
Жетісу аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ЖАҚСЫ КӨРСЕТКІШ ЖАЛҒАСА БЕРУІ КЕРЕК

лебағдарламалардың үлесін, елде және шетелде өткізілетін халықаралық іс-шараларда қазақ тілінің пайдаланылуын ұлғайтқысы келеді. Ол үшін ересектерге арналған қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен курстар ұйымдастырылып, балаларға, жасөспірімдер мен жастарға арналған мемлекеттік тілдегі ойындар түрінде оқыту бағдарламалары әзірленді. Құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесін арттыруға бағытталған әдістемелік семинарлар ұйымдастырылған.

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Халық тәуелсіздігінің басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Ана тілі, ұлттық мәдени-

еті жоқ ел мемлекет ретінде өмір сүре алмайды. 2024 жылдың 12 айында Батыс Қазақстан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 61 қылмыстық іс қаралса, оның 31-і мемлекеттік тілде қаралған. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда қазақ тілінде қаралған істердің 34%-ға өскенін байқауға болады. Мұндай жағымды үрдіс жалғаса беруі керек.

Бота МҰСТАФИНА,
Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

КӨЗҚАРАС

Ел іші даусыз болмайды. Ал құқықтық мемлекетте мұндай дауларды төрелік алаңында, заңға сүйене отырып шешу дағдысы қалыптасқан. Содан болар, біздің еліміздің азаматтары да кез келген құқықтық шиеленісті сот арқылы реттеуге тырысады. Бірақ, дауларды шешудің балама әдістері бар екенін азаматтардың назарына жеткізіп, түсіндіруіміз керек. Себебі дамыған, өркеніетті мемлеттерде құқықтық келіспеушілікті дұрыс реттеудің ең тиімді тәсілі ретінде медиация институты мойындалған.

ӘКІМШІЛІК ІСТЕРДЕ МЕДИАЦИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Бүгінде азаматтық, қылмыстық істерде ғана емес, әкімшілік істерде де медиация үлкен сұраныспен қолданылуда. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 120-121-баптарында татуластыру рәсімдерін жүргізу тәртіптері жан-жақты дәйектелген. Осы заңнамада көрсетілгендей, әкімшілік істерде медиация талаптарын басшылыққа ала отырып екі тараптың келісімге келуіне толық мүмкіндік бар.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің талабына сәйкес, судья тараптарға барлық сот сатыларында дауды өзара келісіммен реттеуге көмектеседі. Тек мұнда жауапкердің татуласуға қалауы бар ма, сол жағын ескеру керек. Сонымен бірге, медиацияның тиімділігін түсіндіру де тараптардың оңтайлы шешім қабылдауына аз әсер етпейді.

Осы ретте істі сотта қарау мен медиацияны қолданудың басымдықтарын санамалап көрсеткен артықтық етпейді. Айталық, сотта қаралған істе бір тараптың жеңіліп, екінші тараптың жеңетіні белгілі. Бұл белгілі бір түсінбейшілік пен реніш тудырады. Ал медиацияда жеңілген тарап болмайды. Өйткені, ортақ келісімге келгендіктен, екі тарап та даудың өзіне тиімді шешілгеніне мүдделі болады. Істі сотта қарау барысында мемлекеттік баж төленіп, заңгердің еңбегіне ақы беруге, белгілі бір сараптамалар жүргізуге қаржы жұмсалады. Медиацияда мұндай қаржы шығарудың қажеті жоқ. Керісінше, ортақ келісімге келген

тараптарға баж салығы қайтарылады. Сотқа жүгіну, сотта істі қарау айтарлықтай уақыт алатыны ақиқат. Сотқа қатысушылардың процеске уақытылы келмеуінің өзі сот отырысының созылып кетуіне ықпал етеді. Ал медиацияда дауды бір күнде, бір сәтте шешуге болады. Ең бастысы, медиация барысында тараптар арасындағы сыйластық сақталады, сонымен бірге ортақ келісімге келгендіктен, дауға қатысты келісім тез арада орындалады. Керісінше, сот актілерін орындауда қандай қиындық болатынын күнделікті өмірден байқау қиын емес.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес, екі тарап келісімге келу туралы шешім қабылдаған кезде олардың өтінішхатын судья сот отырысында немесе алдын ала тыңдауда қарайды. Сәйкесінше келісімді бекіту немесе бастарту туралы ұйғарым шығарады. Егер екі тарап мәмілеге келуді қаламаса, әкімшілік істі қарау жалпы тәртіппен жүргізіледі. Бірінші са-тыдағы сотта іс медиацияны жүргізетін басқа судьяға беріледі. Ол татуластыру рәсімдерін жүргізетін күнді белгілеп, екі тарапқа оның болатын күні мен уақыты туралы хабарлайды. Кейбір жағдайларда медиация рәсімдерін істі алғаш қараған судья жүргізуі мүмкін. Бұл әрине, екі тараптың өтінішіне байланысты.

Гүлім МҰҚАНОВА,
Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

БІТІМ

Медиация деген сөздің мағынасын екі жақты татуластыру рәсімі деп түсіндіруге болады. Медиация институты қазақ қоғамына жат емес. Кезінде азаматтар арасында туындаған дау-дамайларды билер, шешендер немесе беделі бар жергілікті ақсақалдар әділ шешіп отырған. Билердің негізгі шешетін мәселесі келген шығынды қалпына келтіріп, дауласушыларды бітімге жеткізу.

ОТБАСЫН САҚТАУ –
ҚОҒАМДЫ САҚТАУ

Жалпы, медиация – үшінші, бейтарап, әділ, жанжал нәтижесіне мүдделі емес тараптың қатысуымен өтетін, дауларды реттеудің баламалы жаңа түрі. Үшінші тарап дегеніміз – медиатор. Медиатор – ол даудың немесе сотта қаралатын істің қатысушыларының белгілі бір келісімге келуіне көмектеседі, ол дауды реттеу мен оны шешудің шарттары жөнінде шешім қабылдау үдерісін толығымен бақылап отырады.

Медиацияның мақсаты – дауды (дау-шарды) шешуде екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Дауды

медиация және партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу сотта осы кодекске және Қазақстан заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды. Сот тараптардың татуласуы үшін оларға дауды процестің бүкіл сатысында реттеуге жәрдемдеседі.

Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді, егер оның шарттары заңға қайшы келетін болса немесе басқа да адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын болса, бекітпейді. Егер тараптар татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімге қол жеткізбесе немесе сот келісімнің шарттарын бекітпесе, әкімшілік істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Қазіргі уақытта татуласу, бітімгершілік рәсімінің аясын кеңейту-

ге, халықтың дауды сотқа дейін реттеуге мүдделі етуге, қоғамдағы шиеленістерді төмендетуге оң ықпал ететін аталмыш заң қарқынды жалғасуда. Өркениетті елдердегідей бейтарап медиаторды тарту арқылы істі бітімге келтіріп, заманауи құқықтық жүйенің дамуына



С.АБСАМатов,
Түркістан облысының
кәмелетке толмағандардың
істері жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы

ықпал етуді сотта жүргізілетін медиация жүзеге асырады.

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ
БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ұлттық мүдде бәрінен жоғары тұру керек. Бұл Алматыда «FOC 2025: Fats and Oils Conference» деген тақырыппен өткен IV халықаралық май өнімдері конференциясында айтылды.

«Біз соңғы жылдары күнбағыс дақылының егістік алқабын және одан алынған май өнімдерінің экспортын ұлғайтқанымызбен, әттеген-ай дейтін тұстарымыз да жеткілікті. Мәселен, 2023 жылы транстық қатты майлар импорты 160 мың тоннаны құрады. Одан біздің бюджет 167 млрд теңгеден қағылды. Бізде майды терең өңдеумен айналысатын кәсіпорындар өте аз. Оған 2018 жылы қабылданған Кеден одағының «Азық-түлік өнімдері қауіпсіздігінің техникалық регламенті» түрткі болып отыр. Бұл регламентті қабылдау арқылы біз майды терең өңдеуді тізерлетіп қойдық. Себебі біздің өсімдік майларымыздан қатты май өндіру мүмкін емес. Ол транс май құрамының 2 пайыздық төменгі шегіне байланысты. Еуропалық одақ 2019 жылы май өнімдері регламентіне қатысты өз заңдарына түзету енгізіп, транс майға қатысты норманы алып тастады. Ал біз 6,5 жылдан бері майды терең өңдемеуден бюджетке түсуі тиіс қомақты қаржыны жоғалтып отырмыз», – дейді «Масло-Дел» ЖШС май зауытының директоры Наталья Солохина.

Наталья Николаевнаның айтуынша, отандық өндірісті дамыту үшін пальма майының импортын азайту керек. «Азық-түлік өнімдері қауіпсіздігінің техникалық регламентін» қабылдау кезінде ұлттық мүдденің тиісті деңгейде қорғалмауынан біз импорттық пальма майына тәуелді болып қалдық. Бұдан бөлек, біздің май өнімдеріміздің бағасы импорттық пальма майының есебінен 2 еседен астам қымбаттап отыр. Майлы өсімдік дақылдарын өзіміз өндіріп отырып, оны терең өңдеуде қолдана алмай өзімізді-өзіміз импорттық пальма майына тәуелді ету дұрыс шешім емес. Халықтың денсаулығын қорғауда ұлттық мүдде бәрінен жоғары тұруы тиіс.

Оны Майлы дақылдарды қайта өңдеушілер қауымдастығының басқарма төрағасы Ядыгар Ибрагимов та растап отыр. Оның сөзіне қарағанда, Кеден одағының азық-түлік өнімдерінің техникалық 2018 жылы мақұлданған тәртібі бойынша транс май қышқылы спред, маргаринде 2 пайыздан аспау керек. Шынында оны пальма майын қолдану арқылы ғана жасауға болады. Яғни, бұл біздің өндірісшілер пальма майын сырттан импорттауы үшін әдейі жасалуы мүмкін. Сондықтан ол біреулердің бизнесінің мүддесін қорғау үшін жасалған сияқты көрінеді. Біз импортқа тәуелді болмауымыз керек. Ковид індеті кезінде импортерлер пальма майын елге әкеле алмады. Бұл азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдай.

Қазақстандық өсімдік майларының сапасы жоғары екенін өз сөзінде Сауда және интеграция министрлігінің бірінші вице-министрі Айжан Бижанова атап өтті. Оның айтуынша, шетелде қазақстандық зығыр мен рапс майы өте жоғары сұранысқа ие, әсіресе, Жапония мен Кореяда. Жапондықтар рапс майын кішкене шыны ыдыстарға құйып, пайдасы мол деп шикідей қолданады. Сол себепті Жапонияда шыны ыдыстардағы рапстың 70 пайызы қазақстандық май. Ал Қазақстан майды терең өңдеуде өз әлеуетін әлі толық пайдалана алмауда. Отандық өндірісшілердің аяғына Кеден одағының Азық-түлік өнімдері қауіпсіздігінің техникалық регламенті тұсау салып отыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚОРҒАНЫС

Қазір әскерге жастарды шақыру Қорғаныс министрлігі үшін үлкен күшке айналды. Оған күн сайын әлеуметтік желілерде тарап жатқан бейне жазбалар дәлел. Алайда, ол бейнежазбалардың барлығын бірдей анық, дәл бүгінгі таңда болып жатқан жағдай ретінде қабылдау жөн емес. Осыған байланысты ҚР Қорғаныс министрлігі үндеу жариялады.

Онда Қазақстанда азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жыл сайын заңнамаға сәйкес жүргізілетіні айтылады. Ресми орган өкілдерінің хабарлауынша, шақыру науқаны барысында кейбір азаматтардың әскери қызметтен жалтаруы немесе заң бойынша келу талабын уақытылы орындамауы сияқты қиындықтар туындайтын көрінеді. Бұл көбіне азаматтардың тіркеуде тұрған мекенжайда тұрмауы немесе жаңа мекенжайға тіркелмеуімен байланысты.

БІЛГЕН ЖӨН

ЕСІРТКІ САУДАСЫНЫҢ САЛДАРЫ АУЫР



Астаналық студенттерге «есірткі тығындарымен» айналысудың немен аяқталатыны тікелей эфирде көрсетіледі.

Астананың 40-қа жуық колледжінен мыңнан астам студент есірткі тарату ісі бойынша сот процесінің куәсі болды. Көрсетілім Астана қалалық соты мен прокуратурасының бастамасымен жүзеге асырылып, жастар арасында есірткі қылмыстарының алдын алу және студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында өткізілді.

Сот алдында «есірткі тығындары» арқылы есірткі таратқаны үшін айыпталған 22 жастағы елорда тұрғыны болды.

Соңғы кездері азаматтардың отбасылық дауларға қатысты талап қоюларын қараусыз қалдыру туралы ұйғарымдарының саны күрт өскені байқалады. Бұл үрдіс судьялардың татуластыру жұмыстарын тынымсыз жүргізіп отырғанына байланысты.

Статистикаға сүйенсек, 2023 жылы Түркістан облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының өндірісіне түскен азаматтық істердің саны 1904, медиация тәртібімен тоқтатылғандар саны 100, қараусыз қалдырылғандары – 174, іс бойынша іс жүргізуі тоқтатылғандары – 137.

Ал 2024 жылы сотқа түскен азаматтық істердің саны – 4235. Оның ішінде медиация тәртібімен тоқтатылғандар саны – 106, қараусыз қалдырылғандары – 628, іс бойынша тоқтатылғандары – 288.

Медиация институтының аясын кеңейту, тиімділігінің мағынасын халыққа жеткізу және ең маңыздысы балалардың мүдделерін қорғау үшін отбасылық дауларды барынша кеміту, сонымен қатар, соттан тыс дауды реттеу және татуласу рәсімдерінің тиімді жақтарын кеңінен түсіндіру қажет.

Татуласу рәсімдерінің тиімділігін арттыру мақсатында халыққа, мекемелерге кездесу ұйымдастырып, әлеуметтік желілер арқылы посттар, БАҚ-да мақалалар жариялап, тараптарға дауларды шешудің ең қолайлы әдісін таңдауына және татуластыру рәсіміне жүгіну құқығын және тиімді тұстарын түсіндіру қажет.

Мемлекет басшысының қолдауымен кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарды құрудағы мақсат – отбасыны сақтау, соның

арқасында қоғамдағы ынтымақты нығайту.

Өйткені, отбасын сақтау – қоғамды сақтау, болашақтың кепілі. Біздің келешегіміз балалар – толық отбасында өсіп, жақсы тәрбие, сапалы білім алса, ізгі ниетті азамат, жақсы адам ретінде қалыптасады.

Гуманист, жазушы, ойшыл ғұлама Ф.Достоевский «Бүкіл әлемнің бақыты бейкүнә баланың бетіндегі бір көз жасына татымайды» – деген.

Ал енді кез келген ізгі ниет, жақсы пікір жұмыс істеуі тиіс, ескі газет беттеріндегі тезис күйінде сарғайып жатпауы керек. Құралды қолға ұстатты ма, ол тот басып жатпау үшін оны үнемі қолдану керек.

Осы тұрғыда судьялар істі қарау барысында татуластыру мақсатында жұмыстар атқарады, тараптарға татуласқанның, ымыраға келгеннің артықшылықтарын, балалардың мүдделеріне аса көңіл аудару қажеттілігін түсіндіреді, осы тақырыпта түсіндіру, әңгімелесу жұмыстарын жүргізеді. Яғни, судьялар осы мақсатта жоғары деңгейде жұмыс жүргізетіні белгілі.

Сондықтан, сотта қаралатын істерді, әсіресе некені бұзу туралы даулар бойынша асықпай, егжей-тегжейлі зерттеп, татуласуға жеткілікті мерзім беріп, сот отырыстарына жеткілікті уақыт бөліп қараған жөн. Осы мақсатта сот отырыстарына қатысатын психолог мамандардың рөлін күшейту қажет, олар қатысатын істер санатының аясын кеңейткен жөн.

Өр татуласумен аяқталған істің ар жағында балалардың сыңғырлаған күлкілері, бақыты тұр, өйткені ең қымбат, ең қажет адамдар – анасы да, әкесі де қасында деген сөз.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕН
ЖАЛТАРҒАНДАР
ЖАЗАҒА ТАРТЫЛАДЫ

«Егер шақыру қағазын азаматқа жеке табыстау мүмкін болмаса, оны жеткізуді ішкі істер органдары жүзеге асырады. Рейдтер кезінде кейбір азаматтар полиция қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбай, қарсылық көрсетеді, бұл олардың мәжбүрлі түрде жеткізілуіне себеп болады.

Шақыру пункттерінде азаматтардың мерзімді әскери қызметке шақырылу негіздері бар-жоғы анықталады. Егер негіздер болмаса – азамат үйіне қайтарылады. Ал негіз болған жағдайда – медициналық тексеруден өтіп, әрі қарайғы шақыру шараларынан өтеді», – дейді қорғаныс саласының қызметкерлері.

Мерзімді әскери қызметтен жалтарғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылады. Оны кез келген ҚР азаматы

білуге тиіс. «Осыған байланысты, азаматтарды қолданыстағы заң талаптарын сақтауға және жалған ақпарат таратудан бас тартуға шақырамыз», – дейді ҚР Қорғаныс министрлігі.

Шындығында, елді қорғайтын жастардың міндетті әскери дайындықтан өтуі парыз. Елді, жерді, бабалар аманаттаған ұлы отанды жастар қорғама, ешкім сырттан келіп бөтен елдің азаттығын қорғап, сақтап бермейтіні анық. Осы себептерді де басшылыққа ала отырып, кез келген ата-ана саналы түрде балаларын ҚР Қарулы күштерінің құрамына қосылуға, әскери дайындығын шыңдап, өз болашағына сенімді қадам басуына мүмкіндік беруге тиіс.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

Астана қаласы прокуратурасының
баспасөз қызметі

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

*жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921*

✉ zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

2. «Хамза спорт және шығармашылық қабілетін дамыту орталығы» ЖШС (БСН 220240006209) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Амангельді ауылы, М.Якубов көшесі, 51-үй.

4. «Арал қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Эко Қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, (БСН 240240009574, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Астана көшесі № 35) Арал ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 98-қ қаулысына сәйкес таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Астана көшесі, 35-үй. Тел: 8(72422)2-21-00

6. «ЛОМБАРД - ПАРТНЕР» ЖШС (БСН 030740005764) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы, Степной-3 ықшам ауданы, 8-үй, н.п. 8, тел. 87053222313.

7. «Ломбард 555 кредит» ЖШС (БСН 151040000140) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту бойынша агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыру (ломбард қызметі) лицензиясының қолданылуын тоқтау туралы ерікті өтініш бергенін хабарлайды. Лицензия нөмірі 10.21.0016.Л 2021 жылғы 10 наурыз.

11. «Market Masters (Маркет Мастерс)» ЖШС (БСН 230440040763) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Әуезов көшесі, 14А-үй, тел. +77074304011.

12. «Қазақстан» сауда-көрме орталығы» корпоративтік қоры (БСН 170540009906) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, ғимарат 55/13, тел. 8(7172)917134.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолықн көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.



9. «ЕАТС» ЖШС (БСН 981240000329) «ПРИОРИТЕТ» фирмасы ЖШС (БСН 030240000428) қайта ұйымдастыру шеңберінде қосылу жолымен бірігетінін хабарлайды. Кредиторлардың талаптары екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050050, Алматы қаласы, Табачнозаводская көшесі, 20-үй. Тел. +77273645281.

10. ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына байқау кеңесінің мүшесі лауазымдық қызметіне конкурс жариялайды

Конкурс өткізілетін күн: Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жарияланғаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін.

Конкурс өткізілетін орын: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты, №207 бөлме.

Кәсіпорынның атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны: «Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» Тасбөгет кенті, Аманкелді 5Г көшесі, e-mail: odb_kzo@med.mail.kz.
Негізгі қызметі: облыс халқына мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету.

Бақылау кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар: Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінін:

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Отан соғысының ардагерлеріне арналған Орталық клиникалық госпиталь» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың шарттары, өткізу күні мен орны

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Отан соғысының ардагерлеріне арналған Орталық клиникалық госпиталь» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурсты (бұдан әрі – конкурс) жариялайды.

Конкурстың өткізілетін күні мен орны: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс.

Кәсіпорынның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Әзірбайжан Мәмбетов көшесі, 28-үй.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: Отан соғысының ардагерлеріне мен қатысушыларына, оларға теңестірілген адамдарға, Астана қаласында тұратын иондаушы сәуленің әсеріне ұшыраған адамдарға, саяси қуғын-сүргіндердің ақталған құрбандарына, Еңбек ерлеріне, Қазақстан Республикасына ерекше еңбек сіңірген зейнеткерлерге және олардың отбасыларына (ерлі-зайыптыларға), медициналық көмектің ақысыз кепілдендірілген көлемінің тізбесіне сәйкес мамандандырылған медициналық көмек көрсету.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, сондай-ақ төмендегі талаптардың біріне сәйкес келуі тиіс:

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 2) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл тәжірибесінің болуы;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктеріндегі мүшелігі.

2. Мынадай:

- 1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

- 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабыл-

8. «Фирма «ПРИОРИТЕТ» ЖШС (БСН 030240000428) «ЕАТС» ЖШС (БСН 981240000329) қосылу арқылы қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050050, Алматы қаласы, Табачнозаводская көшесі, 20-үй. Тел. +77273645281.

- 2) қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) Кодекстің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертте қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

- 1) шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратта көрсетілген мекенжай бойынша тиісті саладағы уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) бағытталуы;
- 2) «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы»

және «10.07.2025 жылға дейін ашуға болмайды» (шақыруда немесе мерзімдік басылымда көрсетілген конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн аралығында Қызылорда қаласы, Абай даңғылы. 27-үй мекенжайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс.

**Анықтама үшін байланыс телефоны:
8 (7242) 40-04-51 (3007).**

даңғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

- 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адам байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайланбайды.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін түрде);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін түрде);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат растаған көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың нотариалдық расталған көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушының өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіптік деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным туралы құжаттардың көшірмелері) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертте қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді. Құжаттарды қабылдау басталатын күн – мерзімді баспасөз басылымдарына конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күн.

Құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде мына мекенжайға ұсынылуы тиіс: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс.

Конкурстың өткізілу күні – конкурсқа қатысу туралы өтініштерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейінгі жұмыс күні.

Үміткердің конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестігіне жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде әңгімелесу өткізіледі.

5. «Финансово-промышленная компания «Ак Жаик» АҚ 2025 жылғы 30 мамырда өткен акционерлердің қайталап өткізілген жылдық жалпы жиналысында күн тәртібі бойынша (2025 жылғы 29 сәуірдегі «Юридическая газета» және «Заң газеті» №931 басылымдарында жарияланған) дауыс беру нәтижелері туралы хабарлайды.

Жалпы жиналысқа 200182 (екі жүз мың жүз сексен екі) қарапайым акцияға иелік ететін 502 акционер қатысты.

Ұйымдастырушылық мәселе бойынша:

1.1 Жалпы жиналыс төрағасын сайлау: келісемін – 502; қарсымын – жоқ; дауыс бермеймін – жоқ.

1.2 Жалпы жиналыс хатшысын сайлау: келісемін – 502; қарсымын – жоқ; дауыс бермеймін – жоқ.

1.3 Санақ комиссиясын сайлау:

– А.В. Гасилин (төраға): келісемін – 502; қарсымын – жоқ; дауыс бермеймін – жоқ.

– А.С. Құрманова (мүше): келісемін – 502; қарсымын – жоқ; дауыс бермеймін – жоқ.

– М.И. Карабалиева (мүше): келісемін – 502; қарсымын – жоқ; дауыс бермеймін – жоқ.

Біріншіден күн тәртібіндегі мәселелер бойынша: келісемін – 502; қарсымын – жоқ; дауыс бермеймін – жоқ.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 32-47-32, 32-49-04.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директорсы Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

Екіншіден 2024 жылға арналған қаржылық есептілік пен таза табысты бөлу туралы: келісемін – 500; қарсымын – жоқ; дауыс бермеймін – 2.

Үшіншіден Кеңестен шыққан мүшенің орнына директорлар кеңесінің мүшесін қосымша сайлау (Касачев А.Ф.): келісемін – 502; қарсымын – жоқ; дауыс бермеймін – жоқ.

Төртіншіден Акционерлердің қоғам мен оның лауазымды тұлғаларына қатысты өтініштері мен шағымдарын қарау:

– Ешқандай өтініш немесе шағым түспеген.

– Дауыс беру жүргізілген жоқ.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выйад», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

(Жалғасы. Басы өткен санда)

– Біз жанжалдаспадық та!
– Ал, көлік ше? Оны өзіңіз беріпсіз ғой.
– Қандай көлік? Жоқ, ештеңе білмеймін. Шалдың жанары суық еді және ол салқындық көздің өзінен емес, ішінен шығатын сияқты.
– «Есі ауып қалған ба бұл кісінің? Әлде ештеңе айтқысы келмей отыр ма?»
– Әлде бұл шал мені алдап отыр ма? Танымаса бірге арақ іше ме?».
– Сіздің көлігіңіз бар емес пе? Соны айдап кеткен ғой.
– Мен ештеңе білмеймін.
– Бұлар кіммен араласқан? Көршілері бар ма? – деді серігіне сыртқа шыға бере.
– Бұл маңда 2-3 үйден басқа, қыста ешкім тұрмайды. Жазда ғана тіршілік бар. Шал мен кемпір жалғыз. Полиция бөлімінде тіркеуде жоқ. Көршілерінің айтуынша бұларға қонаққа ешкім келмейді.

* * *

Тергеуші қайтып келе жатып өз сұрақтарына ойланып көрді: неліктен кемпір өліп, шал тірі қалды? Еденде жатқан суреттегі әйел мен бала кімдер? Сурет неге еденде жатыр? Бұрыннан осы үйдегі сурет пе әлде біреу әкелген бе? Суретке зерттей қарады. Шаш үлгісі, киім үлгісіне қарағанда тоқсаныншы жылдарға келеді. Мына суреттегі бала кім болуы мүмкін? Мына шалға қатысы бар ма әлде сол бейтанысқа қатысы бар ма? «Баланың бет-жүзін мүмкіндігінше қартайтып, қазіргі кейіпке келтіріп көру керек», – деп тапсырма берді әріптесіне.

* * *

– Көліктің иесі танысыңыз ба?
– Жоқ, – деді жігіт аузын жымқыра сөйлеп. Оның жағдайы әжептәуір жақсарып қалғанын дәрігер айтқан.
– Онда танымайтын адамның көлігін қалай айдап кеткеніңізді түсіндіріп бересіз бе?
– Өзім де білмеймін соны. Мас болдым.
– Сіз ол үйге қалай тап болдыңыз?
– Сайтан алғыр... арақ ішсем есімнен айырылып қаламын.
– Сіз оны танымаймын дедіңіз... Бірақ неге бірге арақ ішкенсіздер? Жігіт үндемеді.
Абылай жігітке ұзақ қарап отырды. Жігіттің көзінде өшпенділік пен қайғы бар сияқты ма?
– Болмаса ол көлік бұрын сіздің иелігіңізде болып, сіз ол кісіге беріп пе едіңіз? – деп жалғады сөзін Абылай, капитанның дауысы сабырлы еді.
Жігіт тағы да үнсіз қалды. Әрбір үнсіздік – өз алдына жауап деп есептесек, жігіттің жауабынан нені ұғуға болады?

– Қайталап сұраймын, шалды танысыз ба?
– Жоқ... Мен оны бірінші рет сол күні ғана көрдім.
– Қорғансыз қарт адамдарды басынғаның жігіттік пе? – деді дауысын қатайтып. Сенің жазаң ауыр. Рұқсатсыз баса-көктеп кіресің, адам өлімі болған және біреудің көлігін заңсыз айдап кетесің, бұл не? Жігіт бір сәтке үнсіз қалды. Саусақтарының ұшы дірілдеп кеткендей болды. Абылай оның көзіне тіке қарады.
– Ал оның кемпірін? Танисың ба?
– Жоқ.
– Адам өзі танымайтын басқа бір адамды ата ма? – Тергеушінің дауысынан бұл жолы сұрақтан гөрі айыптау білінді. Жігіт иығын бір көтеріп, тағы үнсіз қалды.

– Ешкімді танымаймын дегеніңіз – дәлелсіз сөз, – деген тергеуші жігіттің ішкі қорғанын сындырмақ болып дауысына аздап жылу қоса сөйлеген. – Танығасын келгенсің. Мынадай қақаған аязда адам тектен-текке жүрмейді ғой. Сол ескі машина болмаса, саяжайда өлмесінің күнін кешіп жатқан шалдың одан басқа ештеңесі жоғы, артық ақшасы болмағаны да белгілі.
– Жоқ, мен мас болдым. Ештеңе білмеймін!
Абылай орнынан қозғалып, үстел шетіндегі дәптерін жақындатты.
– Айтайын ба, мен неге сенбей отырмын? Сен жайдан-жай барып,

өз сәні бар. Сол кезде осындай жемпірлер әдемі көрінетін. Мына әйел ажарлы адам екен. Ал мына бала... осындай кепка сол кездегі әр балада болған сияқты. Менде де болды екі-үшеуі. Тіпті үш аяқты велосипеді де көзге ыстық... «Балдырған» деп аталушы ма еді? Ол кезде осындай үш аяқты велосипеді бар балалар бақытты көрінетін.
– Бұл әйелді танисың ба?
– Ол менің анам ғой, – деді жігіт біртүрлі дауысына діріл араласып.
– Бала ше?
– Мен...
Абылай мұндай сәттерде, адамдардың сөз арасында қалдырған үзік-үзік, аңғармай айтып қалған сөздерін ұстап алады. Ол – жай ғана сұрақ қою емес, адамды

– Полиция ше? Сот бар емес пе? Оларға неге бармадың?
– Полицияға сенгенім жоқ. Олар тергеп қатырмайтынын білем ғой.
– Сөзіңе сену қиын. Соншама жерден келесің, жоспарлайсың, бірақ, кегінді түгел алмай кінәліні тірі қалдырасың, онда қандай мағына бар?
– Ол енді өзінің қылмысын басқалар да білетініне көзі жететін болады!
– Шал мойындады ма?
– Көзінен көрдім. Ол суреттегі әйелдің кім екенін таныды. Мен оған: «Танисыз ба? Танисыз ғой, айтыңызшы. Көзіңізден көріп тұрмын, танып тұрсыз!» дегенімде бағжиып қатып қалды.

СОЛ БІР ТҮНДЕ...



біреудің көлігін заңсыз айдап кеткен бұзақы емессің. Осы кезге дейін заң бұзбағанысың. Тұрақты жұмысың бар. Сен шалдың үйіне бір мақсатпен барғанысың. Сен оның үйін, өмірін, кемпірінің қай уақытта шәй ішетінін де білгенсің. Ескертемін, тек шыныңды айт. Егер жалған сөйлеп, шын оқиғаны жасырам десең, онда жазаң ауырлай береді!
Жігіттің көзі жыпылықтап, жағы суалып қалды. Бірақ үн шығармады. Абылай біраз күтті. Артынша:
– Ал, мына сурет ше? Бұл суретті бұрын көріп пе едің? Әлде бұл әйел ана өлген кемпірдің жас кезі ме? Ал, бала ше? Ол бала қайда қазір, қайтыс болған ба?
Фотосуретке қараған кездегі жігіттің көзінен барынша жасырған мұң мен әлдебір кек қайнарын аңғауға болатындай еді. Капитан сөйлеп кетті.
– Өзіме ескі фотосуреттерді қараған ұнайды. Ақ-қара суреттердің кейде бір жылы естелігінен бөлек тылсым сыры бардай сезіледі, солай емес пе? Мына суреттегі әйелді қарашы, шамамен тоқсаныншы жылдары әйелдер шашын осылай қидырып, самай шашын құлағының артына қайырып, ал кекілін үлкен қылып қақ алдына бұйралап қоюшы еді ғой. Фотосуреттерден талай көргем. Ол кезде лак жоқ па, қант езіп қатырады екен де, содан кекілдері бөлек жылтырап тұратын болған. Және осындай алдынан түймеленетін жемпір киетін. Әр заманның

өз еркімен ашылуға итермелейтін тәсіл.
– Сонда бұл сенің суретің бе? Мен бұны шалдың үйінен алдым ғой.
Жігіт тағы үнсіз қалды да, бір кезде төбеге қарады.
– Мен анамның кегін қайтаруға келдім.
– Шалдан ба?
– Енді кімнен?
– Ол не істеген?
– Анам жоғалып кетті.
– Солай ма? Ал шалдың қандай қатысы бар?
– Ол оны өлтіріп отқа жаққан.
– Бұл қашан болған жағдай өзі?
– Мен ол кезде бала едім. Төрт жарым, бес жаста болармын. Кешкісін әжемнің қасында жатқанмын. Есіктен шешемнің шығып кеткені ғана есімде. Одан кейін оралған жоқ. Ол клубта ән салатын.

* * *

Жауап алу ертесі де, арғы күні де жалғаса берді.
– Сен анаңның өліміне кінәлі осы адам екенін қайдан білдің?
– Ол – құпия.
– Ал неге онда келіп тұрып шалды өлтірмедің?
Жігіт иығын көтеріп, жымиғандай болды. Бірақ ол жымиюда қасірет те, жиіркеніш те бар еді.
– Ондай малғұн үшін өлім тым жеңіл болар еді. Атасың, бітті, дым қиналмайды. Оған тірі қалғаны – қасірет болсын дедім. Мен оны тыныштығынан айырым келді.

– Сосын...
– «Есіңізде ме, ата?.. Бір әйел... бір түні... бір пеш... Тірідей жанып кеткені...» дегенімде шалдың жүзі күреңітіп, көзі шарасынан шыға жаздады. Дыбыс шығармауға тырысты.
Бәсе, ол өзінің көлігі бар-жоғын ұмытып қалғандай, «менің көлігім жоқ» деп болмады маған. Есінен танып қалған сияқты.
Кәрі зымиян! Әдейі істейді! Жасыру үшін. Егер көлікті ағашқа соғып алмағанымда ол көлігімді айдап кетті деп шағым түсірмес те еді. Сол арақты бекер іштім. Батыл болам ба деп едім. Жігіт күлген болды.
– Ал кемпірі ше? Егер шалдан кек алуға келсең, кемпірді неге өлтірдің?
– Мен оны өлтіргем жоқ! Шынымен де өлтіргенім жоқ, – деді жігіт тағы да. – Мен келгенде ол тірі еді. Бірақ, шалға тапанша кезегенде көзімен жалынғандай болды. Енді... білмеймін. Менен өлердей қорықты. Ол да бәрін білетін сияқты. Мен тапаншаны соған қарай аттым, бірақ, оған тимегені анық.
Абылай қаламын қойды. Қарсы алдындағы жігітке қарап отырып, енді мүлде басқа жайтты сезінгендей. Сонда бұл жігіт – жай айыпталушы емес, жоқтаушы болып тұрма? Әлде жазалаушы ма?

* * *

Кешкі тоғыз. Қалалық полиция департаментінің тергеу бөлімі әдеттегідей тыныш. Тек үшінші қабат-

тағы кабинетте жарық сөнбеген. Капитан Абылай Қайсенов ескі қоңыр папканы алдына жайып, түстен бері тапжылмай отыр.

Папканың сыртында: «№3451 – Жоғалу дерегі. Т.Е.М., 1990 жыл, наурыз.» деп жазылған.
Абылай компьютерге қайта отырды. Қазіргі заманда іздеу амалдары бұрынғыдай тек қағазға қарап шешілмейді. Ол Ұлттық мәліметтер базасынан жоғалған әйелдің аты-жөні, туу туралы куәліктегі деректерін іздеді, жылт жоқ... Жаңадан енгізілген «Жоғалғандардың цифрлы реестрі» арқылы әйелдің атына тіркелген банк шоттары, медициналық анықтамалар, тіпті вакцина алған-алмағаны туралы деректерді де қарап көрді, кім біледі... бірақ, ешбір дерек табылмады, 1990 жылдан кейін тіркеу мүлдем болмаған. Ол келесі қадам ретінде генетикалық ДНҚ базасына сұрау салды. Бұл базаға соңғы жылдары ашылған «Жоғалғандардың генетикалық ізі» атты бағдарлама бойынша көп адам өз еркімен анализ тапсырған. Егер әйелдің туыстары немесе кешегі жігіттен басқа балалары болса – бір сәйкестік шығуы мүмкін.

Осы кезде... қылмыстық іс ретінде тіркеліп, қозғалып үлгермей со күйі жабылған тергеу ісінде аты аталған бір куәнің атына көзі түсті. Машинка бояуы өше бастаған жазуда: «Танысы – К.Ж., соңғы рет сонымен бірге жүргенін көрген адамдар бар» делінген.

Абылай бұл адамды «ХҚКО» жүйесі арқылы тексеріп көріп еді, тірі екен. Бірнеше жыл бұрын зейнетке шыққан. Қазір қала шетінде тұрады. «Із о баста болған, тек дұрыс бағытпен оқылмай келген, – деді ол өзіне ғана естілердей қылып.

Сол түні ол үйге бармады. Карталар, көне газет қиындысы, сол кездегі тергеу хаттамаларының кейбіреуін кейін цифрландыруға көшіріп сақтаған қызыл қақпақты флешка жатқан үстелге басын қойып қалғып алды.

Заманауи техникалардың – жасанды интеллект арқылы бет-әлпетті қалпына келтіру, дауыс үлгісін іздеу сияқты мүмкіндіктерін пайдалануға кіріскен Абылай қайтадан сарғайған құжаттарға үңіліп, 1990–1995 жылдар аралығындағы есептік істерді бөлек «сәбетке» жинақтап көрді. Әр парақта – бір адамның аяқталмаған өмірі тұр.

Адам жоғалған, зорлықпен өлтірілген қылмыстық істер не деген көп еді, ал ашылғандары саусақпен санарлық. Сол жылдардағы қылмыстық хроникаларды оқыған сайын Абылайдың мазасы кетті.

«1994 ж. наурыз. Белгісіз әйелдің мәйіті табылған. Кім екені табылмады. Киімінің етегінде қан дағы бар».

«1995 ж. қазан. Қала шетіндегі қираған зауыт маңынан әйел адамның денесі табылған. Жасы шамамен 30-да. Іс ашылмады». Әрбір жазбада – ауыр үнсіздік бар. Әрбір есімде – белгісіз қабірге айналған тағдыр жатыр.

– Бұл не заман болған өзі? – деді ол ертеңінде жасы үлкен әріптесімен кофе ішіп отырып.

– Не таңғалатыны бар? Тоқсаныншы жылдары қалада да, ауылда да түнгі көшелер қауіпті еді. Адамдар қараңғы түссе, үйлерінен шықпауға тырысатын. Әсіресе, әйелдер. Олар жалғыз-жарым дүкенге баруға да қорқатын. Автобус аялдамасында тұрған қыздарды бейтаныс көліктерге күштеп отырғызып әкеткен оқиғалар жетерлік. Көбі тірі оралмады.

– Полиция ше?

Жадыра ШАМҰРАТОВА

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6327 дана
Апталық таралым 12 654 дана

Тапсырыс №86 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31